

ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 81'42; 801.7; МҒТАР 16.21.33
<https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.01>З.Б. КУЛЬМАНОВА Мичиган мемлекеттік университеті
e-mail: kulmanov@msu.edu«АЛҒЫС» ПЕН «ҚАРҒЫС» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ
СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Қазіргі тіл біліміндегі пәнаралық интеграция үрдісі тілдік құбылыстарды жаңа әдіснамалық тұрғыдан зерттеуді талап етеді. Мақала – тіл мен синергетиканың өзара байланысын негізге алатын лингвосинергетика бағыты аясында «алғыс» пен «қарғыс» концептілерінің ерекшеліктерін айқындауға арналған. Мақаланың өзектілігі – екі қарама-қарсы ұғымды дәстүрлі оппозициялық талдаудан бөлек, өзара әрекеттесетін, бір тұтас динамикалық жүйенің элементтері ретінде қарастыруында. Осы тұрғыдан алғанда синергетикалық әсер мен эмердженттік қасиеттер мақаланың негізгі зерттеу нысаны болып табылады.

Мақалада концептілердің этимологиялық, діни-мәдени аспектілеріне талдау жасалып, олардың синергетикалық эффектілері мен тұрақты тіркестердегі эмердженттік қасиеттері анықталады. Зерттеу барысында құрылымдық-семантикалық, дискурстық, синергетикалық және салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері қолданылды. Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі ауызекі және жазбаша дереккөздер: мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, көркем шығармалардан алынған мысалдар пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде бұл концептілердің қоғамдағы әлеуметтік-прагматикалық рөлі тереңірек түсіндіріледі. Бұл жұмыс тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық және жеке тұлғалық деңгейде жағымды және жағымсыз өзгерістерді тудыратын күрделі жүйе екенін де қарастырады. Зерттеу жұмысының нәтижелері «алғыс» пен «қарғыс» концептілерінің лингвокогнитивтік репрезентациясын терең түсінуге және алдағы тіл біліміндегі синергетикалық зерттеулерге жаңа көзқарас ұсынуға септігін тигізеді.

Кілт сөздер: лингвосинергетика, концепт, алғыс, қарғыс, эмердженттілік, когнитивтік лингвистика, динамикалық жүйе.

Кіріспе

Қазіргі ғылымның дамуындағы пәнаралық интеграция үрдісі лингвистикаға да айтарлықтай әсер етті. Бұл үрдіс тілді дәстүрлі жүйе ретінде ғана емес, сонымен қатар күрделі, өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде зерттеуге мүмкіндік берді. Немістің физика теорияшысы Герман Хакен: «синергетика дегеніміз – бір объектінің басқа объектпен

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Кульманова З.Б. «Алғыс» пен «қарғыс» концептілерінің синергетикалық интерпретациясы // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 5-14. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.01>

***Cite us correctly:**

Kulmanova Z.B. «Algys» pen «qargys» konceptilerinin sinergetikalıyq interpretaciyası [Synergetic Interpretation of the Concepts “Gratitude” and “Curse”] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 5-14. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.01>

Мақаланың редакцияға түскен күні 11.04.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

бірлескен (әсер ету арқылы өзін-өзі ұйымдастыру) заңдылығы болып табылады, тек әр ғылымда объекті әр түрлі позицияда қаралғанымен, барлығында заңдылық біреу» [1, 25-б.] десе, Н.В. Дрожащихтың айтуы бойынша синергетика әуелден тіл құбылысында бар нәрсе, тек ғылымның дамуы барысында синергетика теориясы қалыптасып, оның қосалқы заңдылықтары анықталды. «Тіл арқылы адамның әлеммен байланысқа түсуі – тілдің басқа да ғылымдармен байланысқа түсуіне алып келеді. Тіл басқа салалармен өзара бірлесу арқылы синергиялық заңдылыққа үнемі ұшырап отырады» [2, 11-б.] дейді. «Тілдегі синергия әр түрлі тілдік бірліктердің өзара ықпалдастығының нәтижесінде қалыптасады. Дискурста синергетикалық прагматикалық әсерлерде сенімділікті арттыру, қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін кеңінен қолданылады» [3, 369-б.]. Қазақ тіл білімінде бұл бағыт әлі толық зерттелмегендіктен, оның ғылыми әлеуеті зор екені анық.

«Бүгінгі таңда синергетика интеграцияланған гуманитарлық ғылымдар саласында белсенді қолданыла бастады. Синергия мәселесі, жаратылыстану-ғылыми саласындағы сияқты, тілдің ішкі заңдылықтарын интеграциялау және ұйымдастыру сипатына сәйкес тіл біліміне енді. Қазіргі тіл білімінің антропоцентрлік бағытына сәйкес тілді зерттеу процесінде сөздің өзекті синергиясын анықтау да қарастырыла бастады» [4, 43-б.]. Тіл – өзіне тән өзіндік ішкі заңдылықтарға бағынатын бір тұтас жүйе екені рас. Тілдің даму жүйесінде физикалық және математикалық құбылыстардың заңдылықтары мен олардың түсініктемелері көрініс таба алады. Мәселен, резонанстық құбылыстардың орын алуы, хаос элементінен пайда болатын өзіндік жаңа семантиканың кездесуі. Сонымен қатар синергетикаға тән «*emergent*» терминінің мағынасы «*кенеттен пайда болған*», «*жаңадан қалыптасқан*» ұғымында тіл білімінде де қолданысқа ие. Мәтіннің эмердженттік қасиеттері – мәтіннің жеке элементтерінің (лексемалардың) өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болатын мағыналары, жаңа эмоционалды-экспрессивті сипаттар немесе сөздердің өзгеше жағдаятта қолданылуы болып табылады [5, 11-б.]. Мәтіннің эмердженттік әсері көп жағдайда метафораларда, түрлі дискурста, ассоциациялық мәтіндердің берілуінде олардың мағыналық реңктерінде көрініс табады. Яғни эмердженттік бояу мәтінді көп қырлы етіп оның мағыналық өрісін кеңейтіп, әр түрлі деңгейде, түрлі көзқарастарда түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ тіл біліміндегі лингвосинергетика бағыты аясында «алғыс» пен «қарғыс» концептілерінің танымдық семантикасын және өзара әрекеттесу жүйесін анықтау. Қойылған мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер белгіленді: біріншіден, осы концептілердің құрылымдық, семантикалық және синергетикалық эффектілерін ашу; екіншіден, тұрақты тіркестердегі эмердженттік қасиеттерін талдау; және үшіншіден, концептілердің мағыналық және эмоционалдық реңктік (экспрессивтік) ерекшелігін айқындау. Әдетте, бұндай концептілер дәстүрлі кезеңде антогонистік, яғни оппозициялық категориялар, статикалық күйде қарастырылады. Осы зерттеуде концептілер синергетикалық аспектіде оларды екі қарама-қарсы концептінің өзара әрекеттесуі ретінде біртұтас динамикалық жүйенің элементтері ретінде ортақ және өзгеше ерекшеліктері талданады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланы дайындау барысында «алғыс» пен «қарғыс» концептілерінің этимологиялық мағынасына назар аударылды. Зерттеудің негізгі мақсатына жету үшін кешенді әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, «алғыс» және «қарғыс» лексемаларының лексика-семантикалық құрылымын, олардың мағыналық реңктерін анықтау үшін құрылымдық-семантикалық талдау жүргізілді. Сонымен қатар, концептілердің әлеуметтік-мәдени контекстегі қолданысын, олардың эмоциялық әсерін анықтау және прагматикалық қызметін талдауға бағытталған дискурстық талдау қолданылды. Бұл әдіс арқылы мәтіннің эмердженттік қасиеттері мен одан туындайтын ассоциациялар анықталды.

Зерттеуде синергетикалық талдау жасауға талпыныс жасалды. Бұл әдіс «алғыс» пен «қарғыс» концептілерінің біртұтас динамикалық жүйедегі өзара әрекеттесуін, яғни, олардың

синергетикалық эффектісін зерттеуге бағытталды. Бұл әдіс хаос пен тәртіптің, қарама-қайшылық пен үйлесімділіктің тілдік көріністерін айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, екі концепт арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, сондай-ақ олардың қазақ мәдениетіндегі көрінісін анықтау үшін салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүзеге асырылды.

Зерттеу материалдары ретінде қазақ тіліндегі ауызша және жазбаша дереккөздер – мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер, тұрақты тілдік тіркестер мен фольклорлық тіркестер, сондай-ақ, ауызекі сөйлеу тіліндегі мысалдар пайдаланылды. Бұл материалдардың таңдалуы концептілердің әлеуметтік қырынан зерттелуіне және олардың мәдени-танымдық маңызын ашуға негіз болады.

Талдау мен нәтижелер

Қ. Әбдуәлінің сөздігінде «*Алғыс-Қарғыс*» бинарлық жұбына: «адамның істеген игілікті істері үшін айтылатын – «ризашылық, ақ бата мен ізгі тілектер» десе, бірі жаман қылық-әрекеттері үшін айтылатын – «жаман тілек, теріс бата» туралы жалпы ұғым» [6, 432-б.] деп, олардың қарама-қарсы мағынаға ие концептілер жұбы екенін, сонымен қатар ортақ діни-мәдени элементті, өзіндік ритуалы «*бата*» концептісінің қатысымдылығын айтады. Осы тараптан «*алғыс пен қарғыс*» концептісіне теоллингвистикалық талдау да жасау әбден мүмкін.

«*Алғыс – қарғыс*» концептілерінің негізгі түпкі семантикасына тоқталсақ: «*Алғыс*» лексемасы «*ал*» етістігінен, яғни иемдену, қабылдау – қабылданған жақсылыққа, көмекке жауап ретіндегі ризашылық сезімін білдірсе, көне түркі тілінде «*алғыс*» (*алкыш – algis*) деп аталып, «*мадақтау, ізгі тілек айту*» мағынасында қолданылған. Сөздікте: «Алғыс» (көне түркі тілінде *алкыш – algis*) дәстүрлі қазақы дүниетанымда адамдардың бір-біріне жасаған жақсылығына байланысты игі тілегін, ризашылығын білдіретін ерекше концепт» [7, 78-б.] деп беріледі. Ислам дінінің қазақ мәдениетіне енуімен «*алғыс*» концептісі араб тілінен енген «*рахмет*» (араб. رَحْمَةٌ – мейірім, рақым) және «*шүкір*» (араб. شُكْرٌ – алғыс, рахмет) сөздерімен тығыз байланысқа түсті. «*Рахмет*» сөзі жасалған жақсылыққа деген ризашылықты білдірсе, «*шүкір*» сөзі Жаратушыға деген алғысты, қанағаттануды білдіреді. Бұл сөздер «*алғыс*» концептісінің семантикалық өрісін кеңейтіп, оған діни-прагматикалық сипат қосады.

«*Қарғыс*» лексемасы «*қарғу*» етістігінен шыққан деген болжам бар. «*Қарғу*» – қуу, жою, яғни бастапқы мағынасы – жойылуды тілеу, лағынет айту болған. Яғни, қарғыс айту – біреудің жойылуын немесе бақытсыздыққа ұшырауын тілеу. Бұл ежелгі түркілік наным-сенімдердегі «*сөз құдіретіне*» деген сеніммен тығыз байланысты. Исламдық дүниетанымда «*қарғыс*» концептісі араб тілінен енген «*лағнет*» (араб. لَعْنَةٌ – қарғыс, қарғыс айту) сөзімен синонимдес. «*Лағнет*» сөзі Алланың мейірімінен айырылуды білдіреді. Ислам дінінде лағнет айту – ауыр күнә болып саналады, себебі ол Жаратушының рақымын өзге адамнан қағып, оның өміріне зиянды әсер етуді білдіреді. Осылайша, «*қарғыс*» ұғымы қазақ халқының санасында жай ғана жаман тілек емес, діни тыйым салынған, қауіпті іс-әрекет ретінде қалыптасқан.

«*Алғыс*» пен «*қарғыс*» ұғымдарының осылайша діни және этимологиялық тұрғыдан талдануы олардың қазақ қоғамындағы әлеуметтік-мәдени рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Олар тек сөз емес, сонымен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін, қоғамдық нормалар мен құндылықтарды қалыптастыратын күрделі динамикалық жүйенің элементтері болып табылады.

Алғыс концептісінің синергетикасы. Алғыс концептісі дәстүрлі тіл білімінде жағымды эмоцияны білдіретін бірлік ретінде қарастырылса, лингвосинергетикалық талдау оның динамикалық және функционалдық табиғатын ашуға мүмкіндік береді. «*Алғыс*» — жай сөз ғана емес, ол адресат пен адресант арасындағы жағымды энергия алмасудың және өзін-өзі ұйымдастырушы жүйенің негізгі элементі. Мәселен, «*Жақсы сөз – жан азығы*», «*жақсы сөз – жарым ырыс*» деп алғыстың адамның рухани күшін арттыратынын, психологиялық күйін жақсартатынын, оның ішкі энергиясына қуат беретіні, адамдар арасындағы

синергиялықты білдіреді. Алғыс сөзінің қуаты адамның менталдық денсаулығына оң әсер етіп, оны жағымды әрекеттерге ынталандырады. «*Рақмет көп болса, дәм де көп болады*» деп бір-біріне рақмет айту арқылы алғыстың әлеуметтік қарым-қатынасты нығайтатын күш екенін көрсетеді. Бұл жерде «*дәм*» сөзі материалдық игілікті ғана емес, сонымен қатар адамдар арасындағы өзара құрмет пен сенімді, яғни, қоғамдық капиталды білдіреді. «*Алғыс – көңілдің кілті*» деп алғыстың адамдар арасындағы түсініспеушіліктерді жойып, жағымды атмосфера қалыптастыратын қасиетін дәлелдейді. Ол жүрекке жол тауып, адамдарды жақындастыратын *коммуникативті құрал* ретінде қызмет ететінін білдіріп жатады. Синергетикалық талдауда «*алғыс*» концептісіне сипаттама беру басқа қырынан көрініс табады. Мәселен, «*алғыс*» – бұл динамикалық күйдегі адамдар арасында қарым-қатынастың кілті, өзара әрекеттесу, энергия алмасу концептісі. Алғыс екі жақты байланысқа ие біртұтас элемент. Синергетикалық элементтері: адамдар арасындағы *байланыстың* орнауы, алғыс айту арқылы жақсылық жасаған адамның *одан ары жақсылық жасауға ынталануы*, жағымды *атмосфераның (көңіл-күйдің, қарым-қатынастың) кілті* болып табылады.

Концептінің бастапқы семантикасының (концептум) қоғамдық жағдаяттарға байланысты өзгеру «себептілік» (негіз-шарт-себеп-мақсат) категориясы негізінде талданып, олардың семантикалық константалары құрылады [8]. Когнитивтік талдау барысында менталды парадигмалардың синергиялық байланысы анықталып, ұлттық сананың концептуалды өрісін анықтауға болады. Концептіні синергия заңдылығына сәйкес зерттеуде «хаостан тәртіп құру немесе керісінше» заңдылығы бойынша концептінің жаңа қыры анықталып жатады. Алғыс концептісінің лингвопсихологиялық аспектідегі эмердженттік қасиеттері: алғыс айту арқылы адамдар арасында *сенім мен өзара құрметтің* артуын, алғыс айту арқылы *жақсылық жасауға ынталандыру*, қоғамда жағымды құндылықтарды *қалыптастырушы* күш болып табылады. Осылайша, алғыс концептісі синергетикалық жүйе ретінде қарастырылып, оның әрбір элементінің өзара әрекеттесуі қоғамдағы оң өзгерістерге, позитивті синергияға, адамдар арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына және жағымды құндылықтардың қалыптасуына әкелетінін көрсетеді.

Мәтіннің эмердженттік қасиеттері көбінесе сөздер мен сөйлемдердің өзара байланысы нәтижесінде пайда болатын жаңа мағыналармен, ассоциациялармен байланысты болып табылады. Синергетикадағы хаос ұғымы тек қана қирау қырынан, яғни тоқыраудан пайда болатын жаңа ұғым ғана емес. Сонымен қатар, тіл білімінде сөз құдіретінен пайда болатын жаңа деңгей, яғни эмоционалды-экспрессияда қалыптасатын ұғымдарда да кеңінен қолданысқа ие. Мәселен, лингвопсихология бағытында сөз құдіреті, сөз өтімділігі, сөздің адамның менталдық қабатына әсері хаос жасап, кейіннен тыныштық сыйлауы синергетикалық эффектіннің бір бөлшегі ғана. Мәтіннің эмердженттік қасиеттерін анықтау және оларды зерттеу арқылы автор әлеуметтік-мәдени контекстегі сөздің өтімділігі мен прагматикадағы функционалдығын болжай алады. Сонымен қатар, оқырмандардың мәтінді оқыған кезде қандай ассоциациялар мен мағыналар тудыруы мүмкін екендігін тануға анықтама береді [8].

Қарғыс концептісінің синергетикасы. Қарғыс – динамикалық жүйе. Қарғыс та «алғыс» сияқты адресант пен адресат арасындағы әрекеттен туындайды. Ол екі жақты қатысымдық процесс, нәтижесінде жағымсыз күш алмасу жүреді. Синергетика тұрғысынан алғанда, қарғыс – өзін-өзі ұйымдастыратын, кері байланысқа ие, дамитын (динамикалық), эмердженттік жағымсыз энергия жүйесі.

Қазақ мақал-мәтелдерінде қарғыстың синергетикалық табиғаты нақты көрініс табады. Мысалы, «*Қарғыс жеті атаға жетеді*» деген мәтел қарғыстың уақыт пен кеңістікке тәуелсіз динамикалық ерекшелігін, оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын эмердженттік қасиетін аңғартады. «*Атаның қарғысы – оқ*» деген мәтелде қарғыстың эмоционалдық қуаты әлеуметтік мәртебемен байланысты көрсетіледі, яғни беделді адамның сөзі ерекше ықпалға ие болады. «*Жамандыққа жамандық қылсаң, ол да саған қайтады*» немесе «*Қарғыс кері*

қайтады) деген тіркестерде қарғыстың рефлексивті сипатын, яғни бумеранг тәрізді кері қайту механизмін бейнелейді. «*Қарғыс атқан жерден қаш*» мәтелі қарғыстың жағымсыз энергиясының жұқпалығын, кеңістікте таралу қаупін ескертеді. «*Қарғыс жаңбыр емес, жауғанмен кеппейді*» мәтелі қарғыстың ұзаққа созылатын, персистенттік әсерін көрсетсе, «*Қарғыстан қашсаң да, қасіреттен қаша алмайсың*» мәтелі оның тоқтаусыз жүретін даму динамикасын айқындайды.

Қарғыстың синергетикалық элементтері *лексикалық деңгейде* – қарғыс сөздері мен тұрақты тіркестерінен, *психологиялық деңгейде* – өшпенділік пен сенімсіздік тудыруынан, *әлеуметтік деңгейде* – жағымсыз атмосфера орнатуынан, ал *энергетикалық деңгейде* – оның таралуы мен кері қайту қасиетінен көрінеді. Нәтижесінде қарғыстан жаңа эмердженттік құбылыстар туындайды: адамдар арасындағы сенімсіздік пен өшпенділік күшейеді, жамандық жасауға ынталандыру пайда болады, жағымсыз құндылықтар қалыптасады және қоғамда деструктивті энергия үстемдік етеді. Осылайша, қарғыс концептісі лингвосинергетика тұрғысынан алғанда, адамдар арасындағы коммуникацияда өзін-өзі ұйымдастыратын, деструктивтік сипаттағы жағымсыз энергия жүйесі ретінде танылады.

«*Алғыс*» сияқты «*Қарғыс*» та екі жақты объектінің қатысымында динамикалық жүйеде туындайтын, өзіндік синергетикалық элементтерден тұратын концепт. Мәселен, қарғыс екі жақты әрекеттен туындаған конфликт, нәтижесі конфликттен туындаған психологиялық күй, жағымсыз атмосфераның көзі оның синергетикалық элементтері. Туындайтын эмердженттік қасиеттері: адамдар арасындағы сенімсіздік пен өшпенділік, жамандық жасауға ынталандыру қасиеті жағымсыз құндылықтарды туындатады, дамытады. Екі концептіні жеке дара қарастырғанда «*Алғыс*» – позитивті кері байланыс нәтижесінде орын алатын моральдық және рухани тұрғыдан ерекше қуатқа ие концепт. Алғыстың оң әсері айтушының өзіне ғана емес оның айналасына да таралады. Мысалы, «*Алғыс алған арымас*» деп «*арымау*» лексемасы азаймау, кемімеу, кішіреймеу мағынасында адамның рухани тазалығы мен беделі алғыс арқылы сақталатыны, жағдайының жақсы болатыны айтылады. Алғыс қоғамды келісімділік пен ізгілікке әкеледі.

Қазақ тілінде алғыс айту формалары адамға тілек жаудырып, ризашылығын білдіретін ерекше коммуникативтік механизм ретінде көрінеді. Мысалы, «*Артыңда із қалсын*», «*ел есінде сақталатын іс қалсын*» тіркесі жеке адамның әрекетінің қоғамда ұзақ мерзімді позитивті әсер қалдыруын, бұл алғыстың динамикалық жүйе ретінде әрекетін көрсетеді, себебі айтушының позитивті ниеті психологиялық күйге әсер етіп, әлеуметтік ортада үйлесімділікті күшейтеді. «*Өркенің өссін*», «*көп жаса*», «*таудай бол*» сияқты тіркестер адамның өмірлік дамуын, жетістігін, рухани өсуін тілеу арқылы эмердженттік қасиет тудырады. «*Амандық болсын*», «*көрісуге күн жақсы болсын*», «*қадамың құтты болсын*» сияқты тілдік бірліктер физикалық, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан қорғаныс пен оң тәжірибе тілеп, алғыстың позитивті кері байланыс қасиетін іске қосады. Сонымен қатар, «*қосағыңмен қоса ағар*», «*құдай көңіліңді өсірсін*», «*құсың құтты болсын*», «*қызығың ұзақ болсын*», «*ойнар көбейсін*» тіркестері әлеуметтік және материалдық жаққа бағытталған тілек формалары. Олар жеке адамның әлеуетін, отбасылық және қоғамдық өмірін нығайтуға арналған. Мұнда алғыс әлеуметтік жүйеде позитивті синергетикалық әсер тудырып, адамдар арасындағы байланыстарды күшейтеді. «*Садағаң келсін*», «*сауық молайсын*», «*сақтай гөр терістен*», «*тие берсін*», «*тілектерің тап болсын*», «*тілеуіңді берсін*», «*ұзағынан сүйіндір*» сияқты тілдік бірліктер адамның өміріндегі материалдық және рухани игіліктерді тілеп, эмоционалдық қуатты таратады, сөйтіп жеке тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы позитивті энергия алмасуын қамтамасыз етеді. Лингвосинергетикалық тұрғыдан қарағанда, бұл алғыс формалары динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде әрекет етеді. Әрбір тіркес эмердженттік қасиет ретінде жеке әрекеттен туындайтын жаңа позитивті әсерді көрсетеді, яғни алғыс тек сөз деңгейінде ғана қалмай, эмоционалдық, әлеуметтік және мәдени деңгейде де жүйелі әрекет етеді.

«Қарғыс» – негативті кері байланыс нәтижесінде орын алатын деструктивті энергия тудыратын, хаосқа жетелейтін концепт. «Қарғыс» – хаос болса, «алғыс» – тәртіп сипатындағы синергиялық эффектке ие концепт. Мәселен, «Алғыс алған арымас, қарғыс алған жарымас» мақалында «арымас» сөзінің семантикасы жаман болмас, белгілі тәртіпке ие болса, «жарымас» тоқырауға тірелу, жамандыққа тап болу хаосын сипаттайды. «Қарғыс алма, алғыс ал» қарғыстың тыйым екенін, алғыстың ашық, еркін екендігін, «Алғыс тиген ағарар, қарғыс тиген қараң қалар» деген мақалда оң мен теріс энергияның әсері және оның «алғыс – қарғыс» концептісі аясында адам когнитивіне синергетикалық эффектісі бар екені айтылады. «Алғыс – қарғыс» концептілерінің ортақ көрсеткіштері олардың синергетикалық тұрғыда өзіндік ақпараттық энергетикаға ие екені анықталады. «Қарғыс» – әлеуметтік байланыстарды бұзып, моральдық деградация нәтижесінде тұрақсыздық хаосына әкелетін ақпараттық энергия болса, «алғыс» – жүйені тұрақтандыратын оң нәтижеге кері байланыс ретінде қалыптастырушы ақпараттық энергия.

Ю. Шан: «Адам танымы күрделі мәселелерді шешу қабілеттілігіне ие. Синергетикадағы «екі түрлі процесс» (double process) теориясы адам танымында екі түрлі жүйе бар деп болжайды. Бірінші жүйе – тілдік қатынасқа түскенде адам жылдам сөйлеп, бейсаналы түрде интуитивті әрекет етсе, екінші жүйе – ішкі қысым арқылы, рефлексивті ойлау арқылы тілдік қатынасқа түседі» деп адамның когнитивті жүйесін синергетиканың теориясымен ұштастыра отырып, тілдік қатынасқа түсуін зерттесейді [9]. Адам баласы әділетсіздікке наразы болғанда шарасыздықтан ішкі жанайқайы ретінде қарғыс айту арқылы кері, деструктивтік энергияны қалыптастырып жатады. Мысалы, «көкшешек бол», «көгала келіп, атың өшсін», «барғаныңнан келме», «жалғызыңнан жайра» сияқты тілдік бірліктерде нәлет, яғни зиян келтіретін күш тілектері көрінеді, ал дәмін қызғанып, берекені қашыратын дүние құмарларға «дәміңді ит жесін», «дәм атсын», «басың аста қалсын», «асқа жарыл», «итаяғыңды жалағыр» деп қарғыс жаудырылады. Асын ішіп, аяғын былғайтын тоғышарларға «дәм-тұз атқыр», «ішкенің бойыңа қонбағыр», «арамтамақ қайыршы», «жарымай қал», «ішің кепкір» деген тіркестер арқылы кері, деструктивтік энергия бағытталады. Қарғысқа қарсы қорғану сенімімен «қарғыс қара тасқа, қара тілегі далаға кетсін», «қарғысы қара басына көрінсін», «тілегені өз басына көрінсін», «жағыңа жылан жұмыртқалағыр», «аузыңа қара қан толсын», «жағы қарысқыр» сияқты сөздер арқылы орынсыз айтылған қарғыс кері бағытталып, жүйесіз қарғыс иесін табуы мүмкін деп нанған. «Жүйелі қарғыс жүйесін табады, жүйесіз қарғыс иесін табады» – жүйесіз айтылған қарғыстың қауіптілігін және оны қайтарудың дәстүрлі жолдарын айқын көрсетеді. Қарғыстың ішінде де сценарийлық динамикалық тізбек ретінде сөз құдіретінің күштілігі, сонымен қатар әр тілдік бірліктің жеке дара лексема ретінде емес, өзара біріккен құрылымда синергетикалық қасиеті қарғыс концептісінде орын алады.

Синергетика заңдылығы бойынша концептілердің әлеуметтік тепе-теңдігі келесідегідей көрініс табады. Қоғамда алғыс басым болса тұрақтылық қалыптасады, ал қарғыс басым болса жүйе тоқырап, хаосқа келеді. Яғни «алғыс» – қалыптастырушы, ал «қарғыс» – оны бұзушы фактор. Сол себепті халқымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп сөз құдіретіндегі синергетикалық эффектінің ерекшелігін айтқан.

«Алғыс пен қарғыс» концептісіне ортақ ұғымдардың бірі – бата. «Бата – түркі халықтарының мәдениетінде ерекше орын алатын ұғым. «Алғыс» концептісі батада жақсылық тілеу, ал «қарғыс» концептісі батада жамандық тілеу мағынасында қызметке ие. Бұл екі ұғымның өзара әрекеттесуі түркі мифологиясында және ислам дінінде ерекше көрініс табады. Түркілерде бата беру дәстүрі тек адамдар арасында ғана емес, жануарларға да қатысты болған. Мысалы, төрт түлікке бата беру арқылы оның күш-қуатын, өсімін арттырады деген наныммен бата берудің ерекше жоралғыларын да ұстанған [10, 52-б.]. Сонымен қатар, «Қорқыт ата кітабында» [11, 85-б.] Қорқыт атаның батасы халыққа құт әкеліп, оның қарғысы жауларға қасірет әкеледі деп «алғыс пен қарғыс» батасының екі

түрінің де күші сипатталған. Түркі мифологиясына тән ерекшеліктің бірі табиғат күштері де бата бере алады деген нанымның «тәңірдің батасы жерге құт дарытып, оның қаһары жерге апат әкеледі» танымының кең таралғаны дәлел [12, 45-б.].

Қазіргі уақытта «алғыс пен қарғыс» концептісінің прагматикалық функционалдылығы «бата» ұғымынан өзгеше болып келетін де жағдайлар кездеседі. Мәселен, алғысты риза болған адам өз қалауымен, өз ниетімен береді. Алғыстың батадан айырмашылығы оны сұрап алуға болмайтындығында. Яғни, алғыс риясыз көңілден туындайтын құбылыс. Ал бата жақсы ырым ретінде үлкен ақсақалдан, кейуанадан немесе аса сыйлы ел ағаларынан арнайы сұралып алынады. Бүгінгі таңда «бата» мен «алғыс» ұғымдарының ара жігінің ажырағанын көруге болады. «Алғыс» ежелдегі синкретті сипатынан ажырап, динамикалық күйде синергетикалық заңдылықпен өзгеріске ұшырады және қазіргі уақытта оның әлеуметтік этикалық құндылығы өзгеруде.

Грузин ғалымы: «Тіл — жай ғана қарым-қатынас құралы емес, мәдениеттің кілті. Тіл арқылы адам әлемді қабылдайды, жеке адамдық құндылығын қалыптастырады, сонымен қатар тәжірибе алмасады. Мәдени практика, діни рәсімдер мен дәстүрлер тілде терең тамыр жайған. Ал синергетикалық парадигманы зерттеуде тіл мен мәдениетті қатар қарастырмау мүмкін емес. Мәдениет пен лингвистиканың ортақ құндылықтарын және оның өзгеру динамикасын зерттеу үшін дискурс талдау, тіл және сәйкестілік, этнолингвистикалық өміршеңдік және мәдениетаралық салыстырулар сияқты ортақ әдістерді қолданады» [13, 21-б.] деп қазіргі уақытта өзектілігі артып келе жатқан лингвосинергетика бағыты бұрынғы зерттеулерімізге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік беретінін айтады. Мәдени таным да тілмен қатар өзгерістерге ұшырап отырады. «Тіл сыртқы/ішкі факторлардың әсерінен үнемі даму үстінде болады, бұл оның динамикалық күйі. Динамикалық жүйенің ең маңызды ерекшелігі оның тұрақтылықты да сақтай білуге қабілеттілігінде» [14]. Алғыс пен қарғыстың динамикалық жүйеде тұрақтылығы оның ішкі құрылымының жүйелілігінде, базалық негізінде (арнайы жоралғылармен қатар жүруі) жатыр. Ғасырлар бойы сақталған алғыс пен қарғыстың ішкі құрылымының жүйелілігі, тілде қолданылатын лексемалардың семантикалық үйлесімділігі (әуезділігі) оның құндылығын арттыруда.

Қорытынды

Сөз – киелі, қасиетті күшке ие. Сөздің адамға тигізер ерекше ықпалын, синергетикалық эффектісін, қарапайым алғыс айтудың құдіретін, оның динамикалық күйін қазақ халқы әуелден анықтай білген. Неғұрлым көп алғыс алған адам соғұрлым бақытты өмір сүреді деген нанымға сенген қазақ халқы алғыс алуға тырысқан. Алғыс болған жерде бата қатар жүрген. Сол себепті көне мағлұматтарды қарай отырып алғыс, тілек, бата сөздерінің мағыналас, мәндес екені белгілі болды. Олар өзара жымдасып тұтас бір ұғымға сыйған. Алғыс сөзінің тарихы әуелден жаратушыға мадақ ретінде танылғанымен, ғасырлардың алмасуымен мазмұндық әрі құрамдық жағынан өзгеріске ұшыраған. Бүгінде игі істе айтылатын қысқа танымдағы тілдік бірліктер. Бата ұғымынан семантикасы ажыраған. Бұл да оның синергетикалық заңдылыққа сай динамикалық күйін білдіреді.

«Алғыс» пен «қарғыс» концептілерін тілдік жүйеде бинарлық оппозиция ретінде ғана емес, сонымен қатар динамикалық және өзара әрекеттесетін синергетикалық құбылыс ретінде қарастыру орынды. Бұл концептілердің когнитивтік, психологиялық және әлеуметтік деңгейлерде эмердженттік қасиеттерге ие екені анықталды. Тілдік жүйеде «алғыс» пен «қарғыс» концептілері ақпараттық және энергетикалық тұрғыда екі түрлі бағыттағы әсер етуші механизмдерге ие. Біріншісі – оң кері байланыс, қоғамдағы тұрақтылық пен әлеуметтік үйлесімділікті қалыптастыратын конструктивті жүйе. Екіншісі – теріс кері байланыс, хаос пен деструктивті процестердің бастапқысы ретінде көрініс табатын феномен. Бұл тұрғыда концептілер когнитивтік модельдер арқылы санада құрылып, белгілі бір прагматикалық функцияларды орындайды.

Синергетикалық талдау көрсеткендей, «алғыс» – тұрақтандырушы когнитивтік жүйе ретінде тілдік санада жағымды ассоциациялар қалыптастырып, эмоционалды-экспрессивті құрылымдарды күшейтеді. «Қарғыс» концептісі керісінше, әлеуметтік интеракцияларды тежейтін және психолінгвистикалық тұрғыдан конфликтогендік сипатқа ие құрал ретінде қызмет атқарады. Осыған байланысты, олардың дискурстық қолданысы мен мәтіндік эмердженттік қасиеттері жүйелі түрде өзгеріп, жаңа мағыналық қабаттар түзеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі синергетикалық парадигманың қолданылу аясын кеңейтіп, концептілердің әлеуметтік-мәдени ықпалын бағалауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хакен Г. Тайны природы. Синергетика: учение о взаимодействии. – М.: ИКИ, 2003. – 245 с.
2. Drozhashchikh N.V. Introduction to Dynamic Language Synergetic. – Tyumen: TyumGU, 2012. – 101 p.
3. Kozhahmetova A. Synergetic paradigm in linguistics // Tiltanym. – 2022. – №4. – P. 41–50. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-4-41-50>
4. Khrumchenko D.S. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media // Indonesian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – №13(2). – P. 368–379. <https://doi.org/10.17509/ijal.v13i2.63068>
5. Бронник Л.В. Язык как эмерджентный феномен: к проблеме языковой целостности // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2009. – №5. – С. 16-20.
6. Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 456 б.
7. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы / Құраст.: С.А. Итеғұлова, А.Қ. Қожахмет. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2016. – 150 б.
8. Burzynska-Tatjewska B., Stolarski M. Leaving Past Adversities Behind: Gratitude Intervention Compensates for the Undesirable Effects of Past Time Perspectives on Negative Affect // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2022. – №19(19):12964. <https://doi.org/10.3390/ijerph191912964>
9. Shang Y., Li Y., Xu F., Li Y. Synergy-of-Thoughts: Eliciting Efficient Reasoning in Hybrid Language Models (N2402.02563). – 2024. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2402.02563>
10. Қазақ мифологиясының энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Нұрлы әлем, 2005. – 272 б.
11. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 125 б.
12. Бабатайұлы Б. Қазақтың көне дүниетанымы. – Алматы: Рауан, 1993. – 420 б.
13. Chkheidze M. The Synergetic Paradigm: A Confluence of Linguistic and Cultural Anthropology in The Examination of Cultural Values // Journal of Social Research and Behavioral Sciences. – 2023. – №9(20). – P. 48–59. <https://doi.org/10.52096/jsrbs.9.20.03>
14. Пиатровский Р.Г. Лингвистическая синергетика: исходные положения, первые результаты, перспективы. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2006. – 160 с.

REFERENCES

1. Haken G. Tainy prirody. Sinergetika: uchenie o vzaimodeistvii [Secrets of nature. Synergetics: the doctrine of interaction]. – М.: ИКИ, 2003. – 245 s. [in Russian]
2. Drozhashchikh N.V. Introduction to Dynamic Language Synergetic. – Tyumen: TyumGU, 2012. – 101 p.
3. Kozhahmetova A. Synergetic paradigm in linguistics // Tiltanym. – 2022. – №4. – P. 41–50. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-4-41-50>
4. Khrumchenko D.S. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media // Indonesian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – №13(2). – P. 368–379. <https://doi.org/10.17509/ijal.v13i2.63068>

5. Bronnik L.V. Iazyk kak emerdzhentnyi fenomen: k probleme iazykovoi celostnosti [Language as an emergent phenomenon: towards the problem of linguistic integrity] // Izvestia Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. – 2009. – №5. – S. 16-20. [in Russian]
6. Qaidar A. Qazaq tilindegi qos sozder: zertteu zhane sozdik [Double words in the Kazakh language: research and dictionary]. – Almaty: «Sardar» baspa uii, 2013. – 456 b. [in Kazakh]
7. Qazaq adebi tilinin anyqtamalygy [Reference book of the Kazakh literary language] / Qurast.: S.A. Itegulova, A.Q. Qozhahmet. – Astana: Sh. Shaiahmetov atyndagy tilderdi damyudyn respublikalyq uilestiru-adistemelik ortalygy, 2016. – 150 b. [in Kazakh]
8. Burzynska-Tatjewska B., Stolarski M. Leaving Past Adversities Behind: Gratitude Intervention Compensates for the Undesirable Effects of Past Time Perspectives on Negative Affect // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2022. – №19(19):12964. <https://doi.org/10.3390/ijerph191912964>
9. Shang Y., Li Y., Xu F., Li Y. Synergy-of-Thoughts: Eliciting Efficient Reasoning in Hybrid Language Models (N2402.02563). – 2024. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2402.02563>
10. Qazaq mifologiasynyn enciklopedialyq sozdigi [Encyclopedic Dictionary of Kazakh mythology]. – Almaty: Nurly alem, 2005. – 272 b. [in Kazakh]
11. Qorqyt ata kitaby [Korkyt Ata book]. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 125 b. [in Kazakh]
12. Babataiuly B. Qazaqtyn kone dunietyny [Ancient Kazakh worldview]. – Almaty: Rauan, 1993. – 420 b. [in Kazakh]
13. Chkheidze M. The Synergetic Paradigm: A Confluence of Linguistic and Cultural Anthropology in The Examination of Cultural Values // Journal of Social Research and Behavioral Sciences. – 2023. – №9(20). – R. 48–59. <https://doi.org/10.52096/jsrbs.9.20.03>
14. Piatrovski R.G. Lingvisticheskaiia sinergetika: ishodnye polozhenia, pervye rezultaty, perspektivy [Linguistic synergetics: initial positions, first results, prospects]. – SPb.: Filologicheskii fakultet SPbGU, 2006. – 160 s. [in Russian]

Synergetic Interpretation of the Concepts “Gratitude” and “Curse”

Abstract. The current trend of interdisciplinary integration in linguistics requires studying linguistic phenomena from new methodological perspectives. This research focuses on identifying the features of the concepts of “gratitude” and “curse” in the Kazakh language within the framework of linguosynergetics, which is based on the interrelation between language and synergetics. The relevance of the article lies in viewing these two opposing notions not merely through traditional oppositional analysis, but as interacting elements of a unified dynamic system. In this respect, synergetic effects and emergent properties are the primary objects of study.

The article analyzes the etymological, religious, and cultural aspects of the concepts, uncovering their synergetic effects and emergent properties in fixed expressions. The study employs structural-semantic, discourse, synergetic, and comparative methods of analysis. The research material consists of oral and written sources of the Kazakh language: proverbs, aphorisms, and examples from literary works. The findings reveal the deeper socio-pragmatic role of these concepts in society. The work also considers language not only as a means of communication but also as a complex system capable of generating positive and negative changes at both societal and individual levels. The results contribute to a deeper understanding of the linguo-cognitive representation of the concepts of “gratitude” and “curse”, offering new perspectives for further synergetic studies in linguistics.

Keywords: linguosynergetics, concept, blessing, curse, emergence, cognitive linguistics, dynamic system.

Синергетическая интерпретация концептов «благодарность» и «проклятие»

Аннотация. Современные процессы междисциплинарной интеграции в языкознании требуют исследования языковых явлений с новых методологических позиций. Данное исследование посвящено выявлению особенностей концептов «благодарность» и «проклятие» в казахском языке в рамках лингвосинергетики, основывающейся на взаимосвязи языка и синергетики. Актуальность статьи заключается в рассмотрении двух противоположных понятий не только в традиционном

оппозиционном анализе, но и как элементов единой динамической системы, находящихся во взаимодействии. В этом контексте основными объектами исследования выступают синергетический эффект и эмерджентные свойства.

В статье проводится анализ этимологических, религиозно-культурных аспектов концептов, раскрываются их синергетические эффекты и эмерджентные свойства в устойчивых выражениях. В процессе исследования применены структурно-семантический, дискурсивный, синергетический и сопоставительно-сравнительный методы анализа. Материалом исследования послужили устные и письменные источники казахского языка: пословицы, афоризмы, примеры из художественных произведений. В результате исследования глубже раскрывается социально-прагматическая роль данных концептов в обществе. Работа также рассматривает язык не только как средство коммуникации, но и как сложную систему, способную вызывать положительные и отрицательные изменения на общественном и индивидуальном уровнях. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию лингвокогнитивной репрезентации концептов «благословение» и «проклятие» и открывают новые перспективы для дальнейших синергетических исследований в языкознании.

Ключевые слова: лингвосинергетика, концепт, благодарность, проклятие, эмерджентность, когнитивная лингвистика, динамическая система.

Автор туралы мәлімет

Кульманова З.Б. – *PhD, Michigan мемлекеттік университеті, e-mail: kulmanov@msu.edu, АҚШ, Ист-Лансинг қ.*

Information about the author

Kulmanova Z.B. – *PhD, Michigan State University, e-mail: kulmanov@msu.edu, USA, East Lansing.*

Сведения об авторе

Кульманова З.Б. – *PhD, Мичиганский государственный университет, e-mail: kulmanov@msu.edu, США, г. Ист-Лансинг.*